

***С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымының 2020-2021 оқу жылындағы жұмыстары***

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2020 жылдың 26 қазан күні мектепшілік "Өзін-өзі басқару" ұйымының президенті мен министрлерін сайлауы онлайн режимінде мектебіміздің Instagram парақшасында өтті. Нәтижесінде жүйелі жоспары, бағыт-бағдары айқын, мақсаты нық басым дауысқа ие болған оқушылар сайланды:

10 «F» сынып оқушысы *Әбубәкір Жарасқан* - Мектеп президенті

10«A» сынып оқушысы *Сыдық Елдана* - Вице президент

9«Ж» сынып оқушысы *Қадырқұл Алтынай* - Білім министрі

10«A» сынып оқушысы *Асабаева Диана* - Тәртіп министрі

10«A» сынып оқушысы *Ермекова Арайлым* - Денсаулық министрі

10 «Ж» сынып оқушысы *Шоқатбек Нұрсат* - Спорт министрі

10«F» сынып оқушысы *Амангелді Тогжан* - Ақпарат министрі

10«E» сынып оқушысы *Салкинбекова Оралым* - Мәдениет министрі



«Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады», - деген тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев.

Мектепшілік сайлау нәтижесімен 2020 жылдың 29 қазан күні мектеп мұғалімдері мен оқушылары тандаған «Өзін-өзі басқару» ұйымының жаңа басшысын және министрлерді салтанатты түрде ұлықтау рәсімі санитарлық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылды. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жаңа көшбасшысын жаңа ұйымын мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

## «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ - КҮЗГІ ИНТЕРАКТИВ!»



Күзгі каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың "ЕРІКТІЛЕР" бағыты бойынша бірінші күні басталды.

### 5 ҚАРАША - "АСАР" ЧЕЛЛЕНДЖІ

Шымкент қалалық білім басқармасының 28.10.2020ж. күнгі №10-06-03/5070/2 санды хат негізінде мектебімізде шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламаларды іске асыру мақсатында педагог - ұйымдастырушы Тасходжаева Гулчехра Русланқызының ұйымдастыруымен "ӨЗІН- ӨЗІ БАСҚАРУ" ұйымының мүшелері "АСАР" челленджін Қайтпас-1 елді мекенінде тұратын жалғыз басты Тұраш әженің шаңырағынан бастады. Оқушылар Тұраш әженің үйін, ауласын жинап,тазалап, көмек көрсетіп, әжеге деп апарған азық- түліктерін табыстады.

"Қайырымдылық жасауды қаржылай көмек көрсету ғана деп ұқпау керек. Сөзбен де, іспен де, басқа жолдармен де қайырымдылық жасау – борышымыз,"- деп қариядан бата алған балалар сауабы мол іске дән риза болды.

**"ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ЖАЛЫҚПАЙЫҚ!"**



1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Қазақстан тарихын білуге арналған оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету,қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу мақсатында **"МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ.ӨРКЕНДЕУ МЕН ТАБЫС СЕРПІНІ"** атты онлайн марафоны ұйымдастырылды. Марафон сайыс түрінде өтті. Сайысқа 3 топ: «Тәуелсіз Қазақстан» тобы «Мәңгілік Ел» тобы

● «Рухани жаңғыру» тобы және ZOOM платформасы арқылы 8-9-10 сынып оқушылары көрермен ретінде қатысты.

Сайыс 5 бөлімнен тұрды.

I. Әр топ ұранымен топтарын таныстыру.

II. "Менің өлкем-тұнған тарих"

III. "Ұлы даланың - Ұлы перзенттері"

IV. "Тәуелсіздік шежіресі"

V. «Ұлы даланың жеті қыры» (суретті сұрақтар арқылы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының бөлімдерінде айтылған құндылықтарды айту.

Сайысты әділ- қазы алқасы бағалады:

✓ Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

✓ Жекенова Гаухар Серікбайқызы – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

3. Шатырбаева Эльмира Минасқызы-тарих пәнінің мұғалімі.

Жеңімпаз топтарды әділ қазы алқасы мектеп директоры Б.Н.Усмановтың дипломымен марапаттады.

Сайысқа белсене қатысқан 10 сыныптың оқушыларына алғыс білдіреміз.



### ***ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС ЯДРОЛЫҚ АПАТЫНА -35 ЖЫЛ***

Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталығының 2021 жыл 12 наурыздағы №193 хаты негізінде Чернобыль АЭС ядролық апатының 35 жылдығын атап өту мақсатында С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің «АДАЛ ҰРПАҚ» клуб ұйымының мүшелері карантиндік санитарлық талаптарды сақтай отырып, «ЧЕРНОБЫЛЬ - ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА, ЕРЛІК ,ЕСКЕРТУ» тақырыбында Шымкент қалалық Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысқандар монументіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойып, ардагерлермен кездесті. Шымкент қалалық «Чернобыль ардагерлер одағы» төрағасы Нахбаев Сайфуллин Нақыпбекұлының бастамасымен Чернобыль ардагерлері Кенжебаев Шарипбек, Маниязов Анвар, Садибеков Алпыс ағаларымыз оқушыларға Чернобыль апаты жайында түсіндіріп, оқушылардың қойған сауалдарына жауап берді. Кездесуден үлкен әсер алған оқушылар ардагер ағалармен естелікке суретке түсті.



### ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ-76 ЖЫЛ

«**МЫҢ ТАҒЫМ**» атты Ұлы Жеңістің 76 жылдық мерекесіне орай С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің Өзін-өзі басқару ұйымы Ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткішіне гул шоқтары қойылды.

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Біздің парызымыз — бұл алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Қуаныш пен қайғы жасы қатар келетін Жеңіс күні мерекесі баршамыз үшін өте қастерлі, аса қымбат. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.




## ЕЛДІҢ АЛҒЫСЫН АЛҒАН ЕРІКТІЛЕР

Шымкент қаласы «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігі командасының ұйымдастыруымен өткізілген «ЖЫЛЫ ЖҮРЕК-ЖОМАРТ ҚОЛ» қайырымдылық акциясына С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТ» өзін-өзі басқару ұйымы ҚАМҚОРЛЫҚ фракциясының көшбасшысы, «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігінің мүшесі ҚУАНЫШБАЙ АЯУЛЫМНЫҢ және басқа да фракция көшбасшыларының, еріктілер тобының қатысуымен әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына азық-түліктер жеткізуге өз үлестерін қосты. Халқымыз: «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» демекші, жақсылық жасау — имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. Елдің алғысына бөлену – ерекше бақыт, – дейді ҚАМҚОРЛЫҚ фракциясының көшбасшысы ҚУАНЫШБАЙ АЯУЛЫМ. Болашақта еліміздің өркендеуіне білімді жастар ғана биік асулардан аса алатынын ескерсек, балаларға жасаған қамқорлық елімізге еселеп қайтатыны анық. Ел тірегі, ертеңіміздің кепілі – жас ұрпақ!



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Ахметбаев Аманбек Молдабекұлы басқаратын №72 жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 29 жыл толуына орай «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ!» атты тақырыпта 9 сыныптар арасында дебат өткізді.



**КІТАПШЕН СУРЕТ**

